

«Бекітемін»

№1 «Акерке» бөбекжай-балабақшасының
менгерушісінің міндетін уақытша
атқарушы:  Н. Санкебаева



«Қош бол, жаз»



«Балауса» кіші жас тобы

Тәрбиешілер: Толыбай Ж

Ильясова Г

Қазалы қаласы 2024 жыл

Қош бол Жаз!

Тақырыбы: Қош бол Жаз!

Мақсаты: Жаз мезгілінің ерекшелігін басқа жыл мезгілдерімен салыстыру, жеміс - жидек, көкөністер туралы түсінік беру, балалардың жазғы демалысын көңілді өткізуге, ойын - сауыққа қызығушылықпен қатысуға дағдыландыру.

Жүргізуші: Балалар, бүгінгі Қош бол жаз атты ойын сауығымызға қош келдіңіздер!

Көңілді жаз тамаша

Күледі күн қараса

Жағасында ойнаймыз

Жалаң аяқ балаша - дегендей балалар жаз мезгілі де аяқталып қалды.

Жаз келеді: балалар мен сендермен қоштаспас бұрын жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы білгім келеді.

Жаз: балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Жаз мезгілі

Жаз мезгілі неше айдан тұрады?

Балалар: Үш айдан тұрады

қандай айлар атап айтайық?

Балалар: Маусым, Шілде, Тамыз.

Көңілді әуенмен сайқымазақ келеді.

Сайқымазақ:

Сайқымазақ: Балалар, мен сендердің білімдеріңді тексергім келіп тұр, жұмбақ жасырамын шешімін табасыңдар ма?

Балалар: Иә, әрине шешімін табамыз..

Жұмбақ жасыру:

Бау - бақшада барша жұрт

Саңқылдаған саз әні

Көлде құстың базары

Жидек пісіп толады.

Бұл қай кезде болады?

Балалар: Жаз мезгілі

Ойын: «Көпіршіктер ауада

Тосын сәт: «Ешкі мен жеті лақ» және қасқыр келеді. Ешкі мен қасқыр айтысып келеді.

Жүргізуші: Балалар қараңдаршы мынау «Жеті лақ» ертегі кейіпкерлері. Бұларға не болған екен? Екеуі дауласып келеді.

Жүргізуші: Соны айтам екеуің не бөлісе алмай қалдыңдар?

Ешкі: Жаз мезгілі аяқталып қалды, балаларымның қыста жейтін тамақтарын жинап алайын десем, лақтарым үйде жалғыз қалуға қасқырдан қорқамыз дейді.

Қасқыр: Сенің балаларыңда шаруам жоқ. Жөніңе жүр, жалаңды жаппай....

Жаз: Қасқыр, Ешкі босқа дауласпаңдар. Қасқыр сенікі дұрыс емес. Ешкінің лақтарын қорқытпа. Ешкі дұрыс айтады. «Қыстың қамын жаз ойла» деген. Ешкі балаларының қыстық азығын жинап алсын. Қане татуласыңдар.

Жүргізуші: Қош келдіңдер ертегі кейіпкерлері. Балалардың өнерін тамашалаңдар. Ортаға жез мезгіліне арнап жаттаған балаларымыздың тақпақтары бар екен.

Балалардың тақпақтары:

Ән: «Алақай жаз келді»

Жүргізуші: Балалар жаз мезгілінің қандай ерекшеліктері болады, білесіңдер ме?

Балалар: Күн ысиды, гүлдер өседі, көбелектер ұшады, суға шомылады.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар, балалар, ал осы гүлдердің түстері қандай болады.

Балалар: Әр түрлі, әдемі түсте болады көк, сары, қызыл, жасыл.

Ойын: «Дәмін тат»

Гүл: Сәлеметсіңдер ме балалар көңіл күйлерің қалай, сендер жаз мезгілімен қоштасқалы

жатыр екенсіңдер, менде құр алақан келмей өзіммен бірге көбелектер биін ала келдім.
Кішкентай көбелектермен би билейді.

Би: «Көбелектер»

Жүргізуші:

Жазды күні шілдеде,

Жеміс пісіп толады.

Қызыл, жасыл гүлдерге

Көбелектер қонады - дей келе балаларымыздың орындауында көбелектер әні.

Ән: «Көбелектер»

Көңілді жаз, тамаша

Ән саламыз жараса

Тақпақ айтып би - билеп

Ойнаймыз-ау таласа - дей келе ортаңғы топ балаларының орындауында

Жаз: балалар, менімен бірге жаз бойы көңілді ойнап, суға шомылып, уақыттарыңды көңілді өткіздіңдер. Енді мен кетейін. Келесі жылы кездескенше!

Жүргізуші: Балалар ендеше барлығымыз орнымыздан тұрып жаз әнін хормен орындап берейік.

Ән: «Жаз»

Жүргізуші: Міне осылай жаз мезгілімен көңілді өткіздік. Біздің мерекеге келген қонақтарға да көп рахмет. Келесі кездескенше Қош бол Жаз! Сау болыңыздар!

«Балауса» кіші жас тобы

Тәрбиешілер: Толыбай Ж
Ильясова Г



«Бөкітемін»
№1 «Ақерке» балалық-балабақшасының
меңгерушісінің міндетін уақытша
атқарушы Г. Жусупова



Отаным-баға жетпес байлығым!



«Балауса» кіші жас тобы

Тәрбиеші: Толыбай Ж

Қазалы қаласы 2024-2025 оқу жылы

Білім беру саласы: Қатынас, Таным, Шығармашылық, Әлеумет

Ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті: Тіл дамыту, музыка, құрастыру, қоршаған орта

Ұйымдастырылған ойын іс-әрекет тақырыбы: «Отаным- баға жетпес байлығым!»

Мақсаты:

Балаларды Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу.

Балалардың Отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, топқа бөлу, сұрақ-жауап,

Қажетті құрал-жабдықтар: Бейне ролик, суреттер

Кіріспе бөлім:

Хор: Әнұран

Шаттық шеңбері:

-Арайланған таңды сүйетін кім?

-Мен

-Алтын сәулені сүйетін кім?

-Мен

-Ата-ананы сүйетін кім?

-Мен

Болашағы елімнің кім?

-Мен

-Балалар Отан деген не?

-Адамның туып өске жері, біз тұратын атамекен.

-Біздің отанымыз қалай аталады?

-Біздің отанымыз Қазақстан

-Еліміздің бас қаласы қалай аталады?

-Біздің бас қаламыз Астана

-Біздің президентіміз кім?

-Біздің президентіміз Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев

-Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?

-Ту, Әнұран, Елтаңба

Негізгі бөлім.

1.«Менің туым» Балалар ұжымдық жұмыс жасады. Туды құрастырды.

Күннің шуақтарымен оюды құрастырады.

2. «Менің сүйікті қалам!» Балалар макеттерден еліміздің бас қаласы Астана қаласын жасады.

Сергіту сәті:

Кәне,кәне тұрайық, Сол қолымды көтердім,

Киіз үй біз құрайық, уықты мен көтердім.

Оң қолымды көтердім, Киіз үйді тұрғыздық,

Уықты мен көтердім,жұмысты біз тындырдық.

Қорытынды бөлім:

-Балалар бүгін қандай мерекені тойладық?

-25 қазан Республика күні

-Балалар бүгінгі ойын іс-әрекетіне өте жақсы, белсенді қатыстыңдар, Жарайсыңдар балалар!

Негізгі бөлім.

1.«Менің туым» Балалар ұжымдық жұмыс жасады. Туды құрастырды.

Күннің шуақтарымен оюды құрастырады.

2. «Менің сүйікті қалам!» Балалар макеттерден еліміздің бас қаласы Астана қаласын жасады.

Сергіту сәті:

Кәне,кәне тұрайық, Сол қолымды көтердім,

Киіз үй біз құрайық, уықты мен көтердім.

Оң қолымды көтердім, Киіз үйді тұрғыздық,

Уықты мен көтердім,жұмысты біз тындырдық.

Қорытынды бөлім:

-Балалар бүгін қандай мерекені тойладық?

-25 қазан Республика күні

-Балалар бүгінгі ойын іс-әрекетіне өте жақсы, белсенді қатыстыңдар, Жарайсыңдар балалар!

Отаным-баға жетпес байлығым!



«Бекітемін»
№1 «Ақерке» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі: *Г. Жусупова*



«Келді міне- Жаңа жыл!»



Тәрбиешілер: Толыбай Ж
Ильясова Г

Қазалы қаласы
2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Қош келдің Жаңа жыл»

Мақсаты: Балаларды жасыл шыршамен таныстырып, шыршаға арнап ән айтқызу. Балаларды жасыл шыршадан шеңберде айналтып жүргізу, еркін би билету. Қыс ерекшелігімен таныстырып, мерекені есте қалатындай етіп көңілді өткізу. Зал әсем жаңа жылдық ойыншықтармен безендірілген.

Әуен ойналып, ортада қоян шыршаны безендіріп жүреді. Сол сәтте «Ну погоди» әуенімен қасқыр кіреді.

Қоян: Ой қасқыр келіп қалды:-деп қаша жөнеледі, артынан қасқыр қуа жөнеледі, екеуі шығып кетеді.

Жүргізуші мен балалар музыкамен билеп кіреді.

Қоян: -Оооо, мына жерге қонақтар келіп қалыпты ал мен болсам қасқырдан қашам деп жүріп қонақтарды қарсылап алуды ұмытып кетіппін-ау.

Қоян: Құрметті қонақтар,мерекеге қош келдіңдер! Сіздердің жанұяларыңызға бақыт,қуаныш,табыс тілеймін! Балалар мына жайнаған жарқыраған мерекеге қош келдіңдер! Кәне барлығымыз мерекені көңілді қарсалайық! Балалар сендер ойнағанды жақсы көресіңдерме? қыс мезгілінде не жауады? Дұрыс,қар жауады,біз қазір қар жинау ойынын ойнаймыз

Ойын: «Қар жинау»

Қасқырдың әуені ойналады,ортаға қасқыр кіреді. Қоян қасқырды көре салып,шыршаның жанында тұрған арыстанның маскасын киіп алып шығады. Қорыққан қасқыр алды-артына қарамастан қаша жөнеледі. Осы кезде ортаға аңдар кіреді.Қасқырдың алданғанын көріп мәз болады.

Жүргізуші: Қош келдіңдер аңдарым Аю,түлкі,қояным Мерекедіе тұрмайық Би билейік паңдарым.

Қоян: Иә, келіндер қосылып би билейік бәріміз.

Би: «Санта клаус биі»

Жүргізуші: Қоянжан сен әсем шырша безендіргенсің,бірақ оның шамдары жанбаған.

Қоян: Иә,қасқырдан қашам деп жүріп шамдарын жағуын ұмытып кетіппін Балалар маған шыршаның шамдарын жағуға көмектесесіңдерме?

Бір,екі,үш шырша шамы жарқыра түс (свет сөніп,шырша шамдары жанады)

Жүргізуші: Қандай тамаша шыршамыз жарқырай түсті. Енді шыршамызға арнап “Шырша”әнін шырқайық.

Ән: "Шырша"

Қоян: Балалар кәне ойын ойнап жіберейік. Ойынның шарты аққала құрастырамыз.

Ойын: «Аққала құрастыру»

Жүргізуші: Қоянжан Аяз-атамен Ақшақарды шақыруды ұмытып кетіппіз ғой кәнекеей бәріміз дауыстап шақырайық

Қоян: Барлығымыз бірге: Аяз ата, Ақшақар аууууу! Музыка әуенімен аязата, ақшақар және кішкентай ұлпақарлар келеді.

Ән: «Аязата мен ақшақар әні»

Аяз-ата: Сәлем, сәлем балалар, сәлем, сәлем достар

Ақшақар: Жаңа жылға келдік біз, қуанамыз бәріміз.

Жүргізуші: Қош келдіңдер Аяз ата мен Ақшақар, біздің балалардың сендерге арнаған тақпақтарымен әндері бар.

Ақшақар: - Менің ұлпақарларым қайда екен? Аяз атаға арнаған билері бар ма екен?

Би: «Ұлпақарлар»

Аяз ата: - Аталарың сендерге, Шаршап келді алыстан Отырайын демалып Маған тақпақ арнаңдар

Тақпақтар:

Ахмет:

Жаңа жыл Жаңа жыл
Жаңа жылға жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр

Бота:

Тамаша. тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

Әмірхан:

Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам он болсын

Төрле Төрле Жаңа жыл
Бізге Құтты жыл болсын

Аружан:

Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды.
Мұз болады, қатады,
Жып-жылтыр боп жатады.

Аяжан:

Аспан жерге төгеді,
Ақ күмісін уыстап.
ой жылы келеді,
Бізге қарай жылыстап.

Нұрәли:

Жаңа жыл келгенде
Қуанып қарсы аламыз.
Аяз Ата келгенде
Билейміз, ән саламыз.

Үміт:

Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

Ару:

Аспан жерге төгеді
Ақ күмісін уыстап
Жаңа жылда келеді
Бізге қарай жылыстап

Жандәулет:

Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай әсем шыршамыз.
Ән шырқайық баршамыз

(Аяз ата балаларға сыйлығын таратады.)

Аяз ата: Ал балалар мен басқа балабақшаларға барып құттықтауларымды таратайын, сау болыңдар! (ақшақар екеуі шығып кетеді)

Жүргізуші: Осымен біздің Жаңа жылға арналған мерекеміз аяқталды, Сау болыңыздар! Жылан жылы баршаңызға құт береке алып келсін!



«Келди мине- Жаңа жыл!»



«Бекітемін»

№1 «Ақерке» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі: Г. Жусупова



«Ана-аса қымбатты жан»



Тәрбиеші: Ильясова Г

Қазалы қаласы
2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Ана- аса қымбатты жан!»

Құрметті аналар, әжелер сіздерді әйел жанымен байланысты тамаша көктем мерекесі – 8 Наурызбен шын жүректен құттықтаймыз! Алғашқы көктем мерекесі Жер бетіне өмір сыйлаушы нәзік, ақылды, сымбатты, мейірімді жандарға арналғаны қандай тамаша мереке! Әлемдегі ең асыл жан ол – Ана десек, жүрегімізде сүйікті жанға деген махаббат сезімі оянады. Ана бұл аяулы да мейірімді жан. Баланың тілі шыққаннан – ақ бірінші сөзін «Ана» деп айтады. Өмірдің есігін ашқаннан соң осы өмірдегі өзіңнің жан анаңды көресің. Осы бір «АНА» деген үш әріптің аясында адамзат баласын қуаныш сыйлар қаншалықты қасиет бар десеңші!

Олай болса, бүгінгі аналарға, әжелерімізге арналған «Балауса» тобының бүлдіршіндерінің «Ана — аса қымбат жан!» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Хор: «Ақ мамам»

Тәрбиеші:

Той пердесін ашайық,
Тойға шашу шашайық.
Аналарды құрметтеп,
Биден шашу шашайық.

Би: «Вальс»

Жүргізуші:

«Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры тастай мұзды да жібітеді» — демекші, балаларымыздың аналарына арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Аружан

Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған.
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ мамам.

Бота

Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз!

Ахмет

Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз!
Аналардан тарайды,
Біздің ана тіліміз!

Аяжан

Мен анамды сүйемін,
Сөзін ойға түйемін.
Анашымды ардақтап,
Басымды оған иемін!

Әмірхан

Менің әжем гүл әжем,
Алтын әжем, күн әжем.
Анам үшін, мен үшін,
Нағыз әжем тіл әжем!

Ару

Мәпелеп мені өсірген,
Ризамын мен өзіңе.
Ана деген керемет,
Сыйлап өтем өмірде!

Жүргізуші:

Аналар ақ тілекті, сөз көп дейін,
Жылытар жүрегінді көз көп дейін
Аналар ақ жаулықты бұл сіздерге
Қол соғып қарсы алайық жігіттеріміздің биін

Жігіттер биі: «Жаяу»

Би: «Қоңыздар»

Жүргізуші:

Бүгінгі мереке күні әжелерімізді де мерекелерімен құттықтаймыз. «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» — деп бекер айтылмаған. Келесі әніміз сіздерге арналады құрметті әжелер.

Хор: «о»

Ойын: «Даусынан таны»

Тәрбиеші:

Мерекені қарсы алып,
Мәз болғанда барша жұрт,
Гүл ұсынып қыздарға,

Сыйлық бердім мен өзім — дей отырып қыздарға арналған сыйлығымызды табыс етуге рұқсат етіңіздер.

(Ұлдар қыздарға сыйлықтарын табыс етеді)

Тәрбиеші:

Бөбегіңнің сыйлығын,
Қабыл алшы анашым
Ұзақ өмір жүз жасап
Ауырмашы анашым!

Бәріміздің де анамыз бар, әжеміз, әпкеміз бар, қарындастарымыз бар. Жылына бір рет келетін осы аналар мейрамында аналарымызға қандай сыйлық жасасақ та жарасымды. Өйткені, бізді өмірге алып келген, бізге әлемнің жарығын сыйлаған — анамыз емес пе? Олай болса, әр баланың өзі дайындаған аналарына сыйлықтары бар екен, соны табыс етсін!

Аналар, қалқып бақыт аралында,
Лайым мұң қонбасын жанарыңа
Осымен кешімізді аяқтайық
Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа – дей отырып бүгінгі «Ана – аса қымбат жан!» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Ардақты аналар мейрамдарыңыз құтты болсын! Сау саламатта болыңыздар!

Балалар хормен:

«Анамызға мың алғыс, баршаңызға мың алғыс!»



«Ана-аса қылыбатты жан»



«Бекітемін»

№1 «Ақерке» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі: *Г. Жусупова*



Қош келдің, Әз-Наурыз!



Тәрбиеші: Ильясова Г

Қазалы қаласы 2024-2025 оқу жылы

«Қош келдің, Әз-Наурыз!»

Мақсаты:

Наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Балалардың ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Грамматикалық талғада жүйелі сөйлеуге, мерекелік көңілін көтеру, елгедеген сүйіспеншілік пен бірге, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.

Білімділік:

Балаларға Наурыз - жыл басы, жаңа жыл мерекесі ұлт мейрамы екендігін түсіндіру. : Наурыз мерекесінің басқа мерекелерден айырмашылығын білуге үйрету.

Дамытушылық: Ата - бабамыздан ұрпақтан - ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәрбие туралы түсініктерін дамыту.

Тәрбиелік: Халқымыздың салт - дәстүрлерін сақтауға, балаларды отан сүйгіштікке, елін жерін сүю, еңбексүйгіштікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу.

1.Жүргізуші:- Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып жаңа жыл келді.

2.Жүргізуші:- Халқымыз наурызда даланы Қызыр ата аралайды деп үйінің есігін ашып отырған. Дәстүрлі қазақ Ұлыс күнің жыл басы санаған.

Бірге: Той құтты болсын. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын.

Ән: «Наурыз көктем»

Ахмет Наурыз біздің әніміз

Наурыз біздің сәніміз

Жаңа жылды шаттанып

Қарсы алайық бәріміз.

Аружан Наурыз келді еліме,

Наурыз келді жеріме

Байлық бақыт тілеймін

Бүкіл қазақ еліне.

Ботакөз: Наурыз тойы салтанат

Наурыз тойы мархабат
Әр жүректен ән тарап,
Шаттанады шартарап

Би: «Ұлдар қазақ биі»

Дәстүр «Бала бесікке салу»

Әже: - Ал енді қазақтың әдет-ғұрпытарынан хабарларың бар ма? Сол әдет-ғұрыптан аздап әңгіме айтайын, тыңдандар. Бала дүниеге келгенде оған ат қояды. Сенің атың Айгүл, сенің атың Мұрат деген сияқты. Одан баланы бесікке салады. Бала бесікте таза болады, дене бітімі түзу болады, ұйқысы тыныш болады. Айтпақшы атасы- ау, үйдегі кішкене немерені бесікке салайық мына ұлы Наурыз тойында немерелеріміз келіп отырғанда бесікке салайық.

Ата:- Е, оның орынды келінжанға айта ғой кішкене немерені алып келсін.

Әже: - Баланы бесікке салып ұйқысы тыныш болсын деп бесікке салайық
«Бесік жыры»

Әлди-әлди ақ бөпем
Ақ бесікке жат бөпем
Жылам бөпем жылама
Жылағаның бол ма

Жүргізуші :- Ал халайық, тұрмайық,
Әндетейік, жырлайық!

Қыздар би «Қазақ би»

Ойын: «Асық ату»

Шарты: Асықты бір қатарға тізіп қойып , балалар екі топқа бөлінеді тізілген асықтарды көздеп атамыз кім көп асық құлатса сол топжеңімпаз атанады.

Жүргізуші бала:- Ән мен күйді төгілтіп,
Інжу маржан шашайық.
Жиналған жұрт таң қалсын,
Өнерден күмбез жасайық.

Жүргізуші:- Наурыз тойы көңіл тойы, көктем тойы

Жақсылық бола берсін өмір бойы.

Биыл да былтырғыдай ақ көбейсін,

Елдегі бақыт байлық, бақ көбейсін.

Осы бүгінгі Наурыз мерекесіне арналған «Балауса» тобының

«Қош келдің, Әз-Наурыз!» атты мерекелік бағдарламасы аяқталды.

Ұлыстың ұлы күні наурыз құтты болсын!

Ұлыстың ұлы күні
әз-Наурыз
құтты болсын!



Бекітемін:
№1 «Ақерке» балабақшасының
меңгерушісі Т.Жусупова



«Бір шаңырақ астында» Мерекелік іс-шара

«Балауса» кіші тобы



Тәрбиешілер: Толыбай Ж.

Ильясова Г.

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Бір шаңырақ астында»

Мақсаты: Балаларға достық туралы түсініктерін жетілдіру және басқа ұлттармен қарым-қатынасты нығайту. Сыйластық, ынтымақтастық туралы түсінік беру. Тақпақ, өлең арқылы, сөздік қорларын, есте сақтау қабілеттерін, адамгершілік құндылықтарын дамыту. Отанын сүйуге, достыққа, адамгершілікке, татулыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Әр ұлттың киім үлгілері және ұнтаспа, тақия, арқан, домбыра, шарлар, бибітшілік құсы, көгершіннің суреті.

Зал шарлармен безендірілген. Балалар залға әдемі әуенмен кіреді.

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, бүлдіршіндер! 1-Мамыр – Қазақстан халқының ынтымағы мен бірлігі мерекесі құтты болсын!

Бүгінгі күн ерекше, өйткені 1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесі қарсаңында «**Әр халықтың баласы – біздің досымыз**» атты ертеңгілік өткізіліп жатыр. Қазақстан түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен. Олардың салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жоғалмас үшін қолайлы жағдай жасалған.

«Бірлік бар жерде- тірлік бар» дейді дана халқымыз.

Еліміз өркен жайып, әрбір шаңырақ шаттық пен қуанышқа кенелсін. Олай болса мерекемізді ән ұранымызбен бастайық.

Ән ұран.

Жүргізуші: Балалар біздер қандай мерекені тойлап жатырмыз?

Балалар: Достық. Бірлік. Ынтымақтастық мерекесі.

Жүргізуші Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?

Балалар: Қазақстан.

Жүргізуші: Ал біздің ел ордамыз қалай аталады?

Балалар: Нұрсұлтан.

Жүргізуші: Дұрыс айтасындар, балалар сендер білесіндер ме, біздің елімізде өзге ұлт өкілдері де тұрады. Олар орыс, татар, өзбек, кәріс, испан, үнді.

Слайд арқылы әңгімелеу.

Жүргізуші: Бүгін қызық бүгін той,

Біздер үшін біліп қой.

Ән де салып, би билеп,

Жалғастырсын ойды- ой. – деп ендігі кезегімізді өзбек ұлтынан келген биші қызымыздың өнерін тамашалаймыз.

Сәлемдесуі

Жүргізуші: Құрметті қонақтар біздің мерекеге келген қонақтарымыз өздерінің мерекелік тағамдарында ала кепті. Ендеше әр ұлт өз тағамдарын таныстырып өтсін.

Ұлт өкілдері шығып таныстырады.

Би: «Өзбек» биі

Жүргізуші: Ал енді балалар Өзбек ұлтының «Тақия алмақ» ойынын ойнайық.

Ойын: «Тақия алмақ»

Жүргізуші: Мерекені әрі қарай жалғастырып, балалардың айтысына кезек берейік.

Жүргізуші: Балалар бізге өзіміздің қазақ ұлтының қонақтары өнерін көрсетемін деп отыр. Ендеше қонағымызды шақырайық.

Би: «Асатаяқ» биі

Жүргізуші: Балалар біздің қонақтарымыз шеттерінен өнерлі екен. Енді татар ұлтының биін тамашалайық.

Би: «Татар» биі.

Жүргізуші: Балалар біздің қонақтарымыз шеттерінен өнерлі екен. Енді кәріс ұлтының биін тамашалайық.

Би: «Кәріс » биі.

Жүргізуші: Балалар сендер қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?

Балалар: Асық ату, арқан тарту, сақина салу, қыз қуу.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар, қонақтарымызбен біргелесіп арқан тартыспақ ойынның ойнайық.

Ойын: «Арқан тарту»

Жүргізуші: Бізде неше түрлі ұлттың қонақтары билеп жатыр, балалар өзіміздің қазақ ұлтымыздың өнерінде қонақтарымызға көрсетейік.

Биші десе билейді

Аяқтары бір жерге тимейді.

Ортада шаттық көңілмен,

Қазақ қыздары би билейді .

Би: «Қара жорға» биі

Жүргізуші:

Бойымда әні бұлақ жатыр бұрқырап,

Сол бұлақтан сыр ағыздым жыр құрап.

Тілейтінім барша жұртқа бір ғана,

Ырыс, бақыт, татулық пен ынтымақ. –дей отырып бүгінгі
мерекемізді «Балдырған » әнімен аяқтаймыз.

Ән: «Атамекен»

Жүргізуші: Құрметті қонақтар осымен «Әр халықтың баласы – біздің досымыз» атты ертеңгілігіміз осымен аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет. Тағыда мерекелеріңіз құтты болсын.



Бір шаңырақ астында

